

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 шілдедегі N 665

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінде кезек күттірмейтін өмірлік маңызы бар шараларды жүргізу және төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ерекшелік ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанындағы Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне пайдаланылған электр энергиясы үшін ақы төлеу жөніндегі берешекті өтеу үшін 250 (екі жүз елу) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі